21284130746

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 02 мамыр №5265-24-00-2/668 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Л.Н.Калдиева,
сот отырысының хатшысы Ж.Аманованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Құрмашева Айтолқын Асқарқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы;
2.тұрақсыздық төлемін өндіру туралы.

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі А.Жалгасбаев;
жауапкердің өкілі Е.Еремина,
аудармашы Ә.Тоқтаров.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 14 қыркүйекте «Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі» ММ (Тапсырыс беруші) мен ЖК

Құжатқа қол қойылған: Калдиева Л. Н., 03.05.2024
Заңды күшіне енген күні: 10.07.2024, судья Калдиева Л. Н., 22.07.2024
5265-24-3-1/696

А.Құрмашеваның (Өнім беруші) арасында №КИ-160 санды тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарты түзілген.

Келісім-шарттардың 1-қосымшасына сай жауапкер тауарды шарт қазынашылық органда тіркелген күннен бастап 60 күн ішінде, яғни 2023 жылдың 17 қарашасына дейін талап қоюшыға жеткізіп беруге міндеттенген.

Тараптар арасында 2023 жылғы 7 желтоқсандағы түзілген қосымша келісім шартымен тауарды жеткізу мерзімі тіркелген күннен бастап 15 күн ішінде, яғни 2023 жылдың 23 желтоқсанына дейін ұзартылған.

Талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және 160 689 тенге тұрақсыздық төлемін өндіру туралы талап қоюымен сотқа жүгінген.

Сот отырысына талап қоюшының өкілі талап қоюын қуаттап, соттан қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер өкілі талапты мойындамай, тауарды толық жеткізуге ниетті болғанын, алайда тапсырыс берушімен хабарласа алмағанын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының (әрі қарай - Заң) 12-бабының 4-тармағына 3 тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісті дәрежеде орындамаған өнім берушілердің тізбесі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай - АК) 272 бабына сәйкес, міндеттемелер міндеттеменің шартына және заң талаптарына сәйкес, тиісінше орындалуы тиіс.

Заңының 38-бабының 4-тармағына сай әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

2023 жылғы 14 қыркүйекпен 7 желтоқсанда тараптар арасында түзілген мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарты мен қосымшасы бойынша жауапкер құны 20 086 080 тенге құрайтын тауарын 23 желтоқсанына дейін жеткізуге міндеттенген.

Тапсырыс беруші 2023 жылы 25 желтоқсанда өнім берушімен жеткізілген тауарға сәйкессіздік актісін түзген.

Құжатқа қол қойылған: Калдиева Л. Н., 03.05.2024
Заңды күшіне енген күні: 10.07.2024, судья Калдиева Л. Н., 22.07.2024
5265-24-3-1/696

Сотта анықталғандай, жауапкер келісім-шартты орындамаған. Тауарды шартпен белгіленген мерзімде жеткізбеген.

Жауапкердің баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысуы және жеңімпаз болып табылуы оның мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарттың талаптарын орындауға міндетті екенін білдіреді.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруда тараптар мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау; осы Заңда көзделгеннен басқа жағдайларда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру; мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі қағидаттарына негізделеді.

Істің мұндай тұрғысында сот әлеуетті өнім беруші ретінде мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарттарда көзделген тауарды жеткізуден бас тартқан деген қорытындыға келді. Сондықтан сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

№2 талап бойынша.

АК-нің 293 бабына сәйкес, тұрақсыздық (айыппұл) - заңнамамен, немесе келісім-шартпен анықталған, борышкер міндеттемелерді орындамағанда, немесе тиісінше орындамағанда, сонымен бірге мерзімінен кешіктіргенде несие берушіге төлеуге міндетті ақшалай сома болып табылады.

Келісім-шарттың 7.3 тармағына сәйкес, тапсырыс беруші өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 пайыз мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 10 пайызынан аспауы тиіс.

Талап қоюшының есебі бойынша тұрақсыздық айыбы 2023 жылдың желтоқсан айының 24-нен бастап 31-ші жұлдызына дейін 8 күнге шарттың орындалмаған құны 20 086 080 теңгеден 0,1 пайызы 160 689 теңгені құрайды.

Жауапкердің келісім шартта көзделген міндеттемелерін орындамағанын ескеріп, сот талап қоюшының тұрақсыздық өндіру жөніндегі талабы негізді деп санап, талаптың шегінде жауапкерден 160 689 теңге тұрақсыздық өндіруге жатады деп табады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж төлемін өндіру қажет.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Құжатқа қол қойылған: Калдиева Л. Н., 03.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 10.07.2024, судья Калдиева Л. Н., 22.07.2024

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Әлеуетті өнім жеке кәсіпкер Құрмашева Айтолқын Асқарқызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Құрмашева Айтолқын Асқарқызынан мемлекеттің кірісіне 160 689 (бір жүз алпыс мың алты жүз сексен тоғыз) теңге тұрақсыздық сомасы мен 6 666,67 (алты мың алты жүз алпыс алты) теңге 67 тиын мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **Л.Н.Калдиева**

Құжатқа қол қойылған: Калдиева Л. Н., 03.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 10.07.2024, судья Калдиева Л. Н., 22.07.2024

5265-24-3-1/696